

2012 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 26 қаңтардағы № 14 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 15 ақпанда № 14-5-125 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданы әкімі аппаратының 2013 жылғы 4 ақпандағы № 160 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданы әкімі аппаратының 04.02.2013 № 160 хатымен).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 20 бабына сәйкес аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. 2012 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұсынатын ұйымдардың тізбесі, жұмыстардың түрлері мен көлемдері, қаржыландыру көздері қосымшаға сәйкес б е к і т і л с і н .

2. Қоғамдық жұмысқа қатысатын азаматтардың еңбекақысы айына тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген жалақының ең төменгі мөлшері көлемінде бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н . А й т б е к о в к е жү к т е л с і н .

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі:

Р.Жолдас

Бәйдібек

ауданы

әкімдігінің

2012

жылғы

26

қаңтардағы

№ 14 қаулысымен бекітілген

2012 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұсынатын ұйымдардың тізбесі, жұмыстардың түрлері мен көлемдері, қаржыландыру көздері

Р/с	Мекеменің атауы	Адам саны	Жұмыстардың түрлері	Айлық жалақы	Көлемі

1	Ауыл округі әкімдері аппараттары, Бәйдібек аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	50	Әлеуметтік маңызы бар және басқа да жұмыстарды ұйымдастыруға көмектесу	17439	1 ай
2	Ауыл округі әкімдері аппараттары, Бәйдібек аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	208	Аймақты экологиялық сауықтыруға, көріктендіруге қатысу	17439	1 ай
3	Ауыл округі әкімдері аппараттары, Бәйдібек аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	12	Аймақты экологиялық сауықтыруға, көріктендіруге қатысу	8814	16 күн
4	Ауыл округі әкімдері аппараттары, Бәйдібек аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	180	Аулаларды көгалдандыру, ағаш отырғызу	17439	1 ай
5	Ауыл округі әкімдері аппараттары	15	Әлеуметтік-мәдени маңызы бар объектілерді салуға және жөндеуге қатысу	17439	1 ай
6	Ауыл округі әкімдері аппараттары	35	Қоғамдық тәртіпті сақтауға көмектесу	17439	1 ай
	Барлығы	500			